

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 Хаттамасы**

Өткізілген күні: 14 қараша 2025 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақша педагогтері

Күн тәртібінде:


1. Жоспар бойынша жұмыстарды ұйымдастыру
2. «Қауіпсіз балабақша» апталығын өткізу
3. Мәдени - бұқаралық шараларға қолдау көрсету
4. Маусымдық өнімдерге байланысты мәзірдегі өзгерістерді бағалау


Тыңдалды:

1. Әдіскер жоспарланған жұмыстардың орындалу барысын таныстырды. Менгеруші балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында ғимарат ішіндегі және ауладағы қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат берді.
2. Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында сонымен қатар балаларды қауіпсіздік ережелеріне үйрету негізінде «Қауіпсіз балабақша» апталығы ұйымдастырылды. Апталық негізінде әр топтарда балаларды балабақшадағы қауіпсіздік бұрыштарымен таныстырып, «Жолда жүру мәдениеті», «Өрт қауіпсіздігі», «Денсаулық және қауіпсіздік» тақырыптарында ашық оқу қызметтері өткізілді.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелері ата-аналар тарапынан мерекелік шараларға белсенді қатысуға өз ұсыныстарын айтты.
4. Балабақша медбикесі қараша айында маусымдық өнімдердің қолжетімділігіне байланысты ас мәзіріне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат берді. Мәзірге дәрумендерге бай көкөністер мен жемістер (орамжапырақ, сәбіз, қызылша, асқабақ, алма және т.б.) енгізілгені, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтану нормалары сақталғаны атап өтілді.
Қамқоршылық кеңес мүшелері мәзірдегі өзгерістердің санитариялық талаптарға және дұрыс тамақтану қағидаттарына сәйкестігін талқылады. Маусымдық өнімдерді пайдалану тағамдардың сапасын арттыруға, балалардың иммунитетін нығайтуға және дәрумендермен қамтамасыз етуге оң әсер ететіні айтылды.

Қаулы:

1. Жоспарланған жұмыстар уақытылы орындалсын.
2. Балалардың қауіпсіздігі тұрақты бақылауда болсын.
3. Мерекелік шараларды өткізуге ата-аналар белсенді тартылсын.
4. Маусымдық көкөністер мен жемістерді пайдалану тәжірибесі тұрақты түрде жүргізілсін.

Төраға:  Суликова Алия

Хатшы:  Байтасова Динара

